

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжі» РМҚК**



**БЕКІТЕМІН
УТВЕРЖАЮ
Директор**

Кадыров М.К.
«21» 2021 ж./г.



**Ж.ЕЛЕБЕКОВ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ЭСТРАДА-ЦИРК КОЛЛЕДЖІНІҢ
2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЖОСПАРЫ**

Алматы, 2021

КІРІСПЕ

Білім беру ұйымының толық атауы: «Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжі» Республикалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Меншік түрі: мемлекеттік.

Заңды мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көш, 105, телефон 291-83-03; сайт: <https://reck.kz/>; эл.почта: rezk_65@mail.ru.

Колледж миссиясы:

Кең профильді шығармашыл мамандарды дайындауда қазіргі заманға сай кәсіптік білім беретін бәсекеге қабілетті оқу орнын қалыптастыру.

Пайымы:

Мәдениет пен өнер саласында білім беру барысының тиімділігі мен сапасын арттыру, Республикалық және дүниежүзілік ынтымақтастықтың алдыңғы қатарлы интеграциялық бірлесе әрекеттестікті дамыту негізінде республиканың барлық мәдени құрылымдарын кадрлармен қамтамасыз етуге арналған заманауи оқу-шығармашылық орнын кеңейту.

Ж.Елебеков атындағы РЭЦК 1965 жылы «Қазақконцерт» бірлестігіне карасты эстрадалық өнер студиясы ретінде ашылды. Эстрада және цирк өнері мамандарын дайындайтын осыған ұқсас колледждердің саны Кеңес Үкіметі кезінде екеу ғана болатын. Өзінің тарихы бойынша аталмыш колледж өз ұясынан Қазақстанның шығармашыл элитасын мақтанышпен таныта алатын жүздеген түлектерін ұшырды.

РЭЦК түлектерінің негізгі тұтынушылары – Қазақстанның шығармашыл ұжымдары: эн-би ансамбльдері, театрлар, цирктер, фольклорлық және этнографиялық ансамблдер болып табылады.

Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжі мемлекеттік білім тапсырысы шеңберінде және ақылы негізде білім береді.

Колледжде 5 мамандық бойынша студенттерді дайындайды: 0407000 Ән салу, 0404000 Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша), 0409000 Актерлік өнер, 0408000 Хореография өнері, 0410000 Цирк өнері.

Колледждің балансында бір оқу корпусы бар. Техникалық төлқұжат бойынша колледж ғимараты 1918 жылы қолдануға берілген. 2006 жылға дейін колледж ғимараты екі қабатты болатын. 2006 жылы республикалық бюджеттен ғимараттың күрделі жөнделуі үшін қаржы бөлініп, үстінен үшінші қабаты салынды. Қазіргі уақытта ғимараттың жалпы алаңы- 1167 шаршы метр, қолданатын

алаңы – 845 шаршы метр. Оқу корпусында 26 оқу кабинеті, 7 қызметтік кабинет, 1 концерттік зал, екі хореография залы бар. Кабинеттер музыкалық аспаптармен жабдықталған. Кітапхана және оқу залына арналған бөлмелер де керек – жабдықтармен қамтылған, сонымен қатар колледжде буфет бар.

«Цирк өнері» бөлімінің арнайы пәндер бойынша сабақтары Қазақ Мемлекеттік цирк ғимаратында өткізіледі. Колледждің өз жатақханасы болмағандықтан, О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжінің жатақханасынан 60 адамдық орын жалдайды.

Колледж Мемлекеттік білім берудың жалпыға бірдей стандартына сәйкес техникалық және кәсіби білім беру қызметтерін атқаруда. Мамандықтардың стандартында жалпы білімдік, қоғамдық-этикалық, экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық, кәсіби құзырлылық, әлеуметтік мобильділік, пәндердің негізгі ағымдары бойынша білімділік талаптары белгіленген. Жалпы талаптар бұдан кейін оқу жұмыс бағдарламаларында нақты көрсетілген.

КОЛЛЕДЖДІҢ МІНДЕТІ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Колледждің міндеті – мамандардың кең тараған профилі бойынша кәсіби білім алуды қамтамасыз ететін бәсекелестікке қабілетті заманауи оқу орны болуға қол жеткізу.

Колледждің келешегі – стратегиялық жоспардың міндеттерін жүзеге асыру нәтижесінде колледж өнер саласында білім беру барысының тиімділігі мен сапасын арттыру, Республикалық және дүниежүзілік ынтымақтастықтың алдыңғы қатарлы мәдени бөлімдерімен интеграциялық бірлесе әрекеттестікті дамыту негізінде республиканың барлық мәдени құрылымдарын кадрлармен қамтамасыз етуге арналған заманауи оқу-шығармашылық орнын танытатын болады.

Интеграциялық қарым-қатынастарды күшейту және Қазақстанның дүниежүзілік ынтымақтастыққа кіруі барысындағы заманауи қоғамның алдыңғы қатардағы міндеттерінің бірі – қазақстандық қоғамды дамытудың маңызды факторы ретінде білім беру жүйесінің деңгейін әрдайым жақсарту болып табылады.

Мемлекеттің және тұлғаның бәсекелестікке қабілетті маңызды элементі – білім берудің белсенді даму проблемасы өзекті мәселеге айналууда. Қазіргі тарихи кезеңдін мемлекеттің күші мен қауіпсіздік критерийі болып табылатын адам ресурстарының ролі мен маңыздылығы артуда. Тұлғаның әлеуметтік деңгейін анықтайтын маңызды көрсеткіштер – оның біліктілігі, жоғары біліктілікті білімі, еркіндік қасиеттері, күш қуаты, жағдайды адекватты түрде қабылдау болып табылады.

Мемлекеттік білім саясатының негізгі принциптері Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына енгізілген.

Заман талабы білім беру жүйесінің даму алғышарттарының қалыптасуын, бәрінен бұрын оқу барысының маңызды бөліктерін – технологияларды, әдіс-тәсілдерді, оқу түрлерін қатаң қадағалауда. Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжі өзінің алғышарттары ретінде өнер саласында сапалы түрде мамандар дайындауда қамтамасыз ететін шарттар жиынтығын құруды қолға алмақшы:

Қазақстанда ХХІ ғасырдың сұранысына сай білім беру индустриясын дамыту үшін маңызды негіз қаланды. Білім беруді цифрландыру – ұлттық адами капиталды күшейтеді және кадрларды даярлауда сапалы серпін жасау үшін мүмкіндіктерді ашады. Осыған байланысты өнер саласындағы кәсіби білім беру бір жағынан, дәстүрлі – мәдени мұраларына сүйенсе, екінші жағынан – осы заманға сай өнер мекемелерінің халықаралық білім беру бағдарламаларына қарай бағытталған.

Колледж техникалық базаны модернизациялау, дүниежүзілік тенденцияларға сәйкес ақпараттық технологиялардың ролін арттыру және оқу-әдістемелік базаны нығайту арқылы жаһандану және жан-жақтылануды жылдамдату процестеріне

адекватты түрде ықпал ететін болады.

Қазақстан Республикасының Президенті халқына жолдауына елімізде мәдениет және өнер саласының дамуының даңғыл жолдары белгіленген. Біз өзіміздің қазақстандық кластерлерді дамытудағы шанайы үлесімізді жан- жақты дамыған мәдени инфрақұрылым құру, өнердің әр түрлі саласындағы инновациялық технологияларды жасау, теория мен практиканы біріктіру, өнерді сараптау, көңіл аударған барлық тараптардың әлеуметтік серіктестігін дамыту деп білеміз.

Колледж түлектерінің бойында жүйелі, сыншыл, креативті ойлау және әрдайым өзін-өзі оқыту қабілеттері мен бәсекеге қабілеттілігі болуы тиіс. Сол үшін білім берудің тиімді әдіс-тәсілдері мен жаңа технологияларды қолдана алатын білікті мамандар жұмысқа шақырылатын болады.

Қазіргі таңда Ж.Елебеков атындағы РЭЦК стратегиясы Қазақстанның дүниежүзінің ең бәсекелестікке қабілетті 50 мемлекетінің ішінен орын алу Стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған және дүниежүзілік стандарттарға сәйкес білім беруде сапалы қызметтерге қол жеткізуден тұрады.

Стратегиялық мақсаты:

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы» мақсаты:

- 1 Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту;
- 2 Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру.

Осы бағытта Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада-цирк колледжі тұрақты дамуы оқу- шығармашыл кластері ретінде (орталығы). Мақсатты іске асыру оқу процесінің ұйымдастырылуы мен мазмұнының жоғары деңгейіне жетуі, адами ресурстарға, ғылыми, әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге, басқарудың формалары мен әдістерін жетілдіруге бағытталған.

ҚР техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту тенденцияларын, шешімі табылмаған проблемаларды шешу керектігін ескере отырып, Ж.Елебеков атындағы Республикалық эстрада- цирк колледжінің 2021-2025 жылдарына арналған дамуға бағытталған негізгі міндеттері мыналар:

- Колледж оқытушыларының кәсібилігін арттыру, мәдениет және өнер саласындағы алдыңғы қатарлы мамандарды шақыру;
- Өнер саласындағы заманауи тенденцияларды ескере отырып, білім беру бағдарламаларын күшейту, сабақ берудің жаңа әдіс- тәсілдерін енгізу;
- Материалды- техникалық базаны күшейту;
- Тәрбиелік маңыздылықты, біліктілікті, кәсібилікті күшейту, жалпы адамдық құндылықтарды тәрбиелеу;
- Колледждердің халықаралық беделін арттыру.

Іске асыру мерзімдері: 2021 – 2025 жылдар.

Стратегиялық бағыттар

1. Ұйымдастыру-басқару қызметі

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы» міндеттердің бірі педагог кәсібінің жоғары мәртебесін қамтамасыз ету, педагогикалық білім беруді жаңғырту. Осыған орай Ж.Елебеков атындағы РЭЦК басшыларының кадрлық саясатының басты бағыттарының бірі әрдайым кәсіби оқытушылық шеберлігін дамыту және одан әрі нығайту. Колледждің оқытушылары ғылыми-практикалық конференциялардың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне, шығармашылық дайындықтарды жұмыстарды музыкалық-теориялық пәндерінен сабақ беру практикасына енгізу жұмыстарына шақырылады.

Біліктілікті арттыру курстарындағы жұмыстар, әдістемелік семинарлар, лекциялар, Қазақстанның алдыңғы қатарлы білім ордаларынан келген беделді оқытушылардың мастер-класстарға қатысуы, бөлім жиналыстарындағы әдістемелік талқылаулар, педагогика саласындағы зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сараптайды, колледж педагогтарының әдістемелік жаңартпаларды кеңейтеді және ғылыми-әдістемелік зерттемелерде, бағдарламаларда, ұсыныстарда, диссертацияларда, концерттік қойылымдарда көрсетіледі.

Қазіргі таңда колледж оқытушыларының 70% ғылыми дәрежелері бар. Сонымен қатар, өнер саласында құрметті атақтар алған және үлкен шығармашылық негізі бар оқытушылардан құралған.

Халық әртісі және еңбек сіңірген әртісі, еңбек сіңірген қайраткер, халықаралық, республикалық конкурстардың, фестивальдердің лауреаты деген құрметті атақтары бар штаттағы оқытушылардың бөлігін 60%–дан 80%–ға дейін өсіру жоспарланып отыр. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер мен өнертанушылық ағымы бойынша оқу барысының ғылыми-зерттеушілік сипатын қамтамасыз етуі тиіс ғылыми дәрежесі мен атағы бар штаттағы оқытушылардың басымдылық салмағын 50%-дан 70%-ға арттыру жоспарлануда. Жалпы оқытушылардан біліктіліктерін арттырған оқытушылар саны 90%-дан кем емес.

2. Ақпараттық-білім беру қызметі

Колледждің білім беру жұмыстарын дамыту стратегиясы жоғары біліктілікті, жұмыс нарығында бәсекелестікке қабілетті, құзырлы, жауапты, өз мамандығын еркін меңгерген, дүниежүзілік стандарттарға сәйкес мамандық бойынша тиімді жұмыстар атқара алатын, кәсібі бойынша тұрақты өсуге, әлеуметтік және кәсіби модульдікке дайын мамандар дайындауға бағытталған білімді ортаны жаратудан; тұлғалардың тиісті білім алу талаптарын қамтамасыз етуден тұрады.

Колледжде мынадай бағыттарда жұмыстар жиынтығы іске асырылуда:

- оқу барысын оқу-әдістемелік құжаттармен қамтамасыз ету;
- оқытушылардың педагогтік шеберліктерін арттыру;

- жұмыс берушілердің талабын ескере отырып, колледжде оқу жұмыстарының барлық түрлерін және әдістерін жақсарту.

Әдістемелік жұмыстарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін міндеттердің шешімі төмендегідей бағыттарда жүзеге асырылуда:

- пәндерден сабақ беру әдістемелерін одан әрі дамыту, оқу барысын тікелей әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету, оқытушылар құрамының педагогикалық біліктіліктерін арттыру;

- оқу барысын перспективалық түрде дамыту, оның мазмұны мен сабақ беру әдіс-тәсілдерін күшейту, жаңа ұстанымдар, заңдылықтар, әдістер, оқу барысын ұйымдастыру түрлерін, құралдарын және технологияларын іздестіру.

Колледждің негізгі мақсаты – өнер саласында кәсіби білімі бар мамандарды дайындаудың инновациялық білім беру жүйесін әзірлену. Ол үшін мынадай жолдар арқылы сапалы білім беру шарттары мен кепілін жасаудың концептуалдық негіздері қаланады:

- сабақ берудің жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу;
- колледждің оқытушылары тарапынан жасалған оқу және оқу-әдістемелік құралдардың және әзірлемелердің, оқулықтардың, электронды оқулықтардың санын арттыру;
- жаңа білім беру стандарттарының әзірленуі;
- жаңа үлгілік оқу бағдарламаларының әзірленуі.

III. Тәрбиелік жұмыстар

Білімді, адамгершіл, іскер, таңдау жасауы керек болған жағдайда өз бетінше шешім қабылдай алатын, ынтымақтастық және мәдениет аралық екі жақты қарым-қатынастар орната алатын, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар адамды тәрбиелеу жөніндегі әлеуметтік тапсырыс аса маңызды құжаттарда, яғни, Республика Президентінің Қазақстан халықтарына жыл сайынғы жолдауында, Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық сезімге тәрбиелеу жөніндегі Мемлекеттік бағдарламада және т.б. құжаттарда орын алады және білім беру жүйесінің негізгі міндеттерімен анықталады – ұлттық және жалпы адами құндылықтар негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы, дамуы және орын алуы үшін қажетті жағдайлардың жасалуы; баланың тәрбие алу, білім алу және ана тілін, мәдениетін, ұлттық әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін жан-жақты дамыту, сақтап қалу, ақпараттандырылу, денсаулығын жақсарту құқықтарын жүзеге асыру. Жалпы алғанда, бұл жүйе студентті Қазақстан Республикасының азаматы ретінде толық тәрбиелеуге және оның конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған. Басты құндылықтардың бірі, жеке-дара өзін-өзі дамыту, өзін-өзі сәтті дамыту және өзін-өзі анықтау болып табылады.

Ж.Елебеков атындағы РЭЦК тәрбиелік жұмыстарының мақсаты – жас жеткіншектерді тәрбиелеу мәселелеріне аса көңіл бөлу; тәрбиеленуші және білім алушы субъект ретінде өзін-өзі өзгертуге бағытталған білім алушылардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру; тәрбиелілік, білімділік, кәсібиліктің маңызын арттыру, жалпы адами құндылықтарды: патриотизмді, адамгершілікті, отан сүйгіштікті,

еңбекқорлықты, басқа халықтармен қарым-қатынастарын, дене тәрбиесі мен денсаулығын жақсартуды анықтау және соған тәрбиелеу; жалпы саяси және құқықтық мәдениетін дамыту; қоғамдық-саяси белсенділігін, азаматтық көрегенділігін, болашақ мамандардың патриоттық және басқа халықтармен қатынастық тәрбиесін дамыту.

IV. Колледждің концерттік-шығармашылық қызметі

Концерттік-шығармашылық және орындаушылық қызметі соңғы уақытта айтарлықтай жаңару мен қарқындауға құшақ жайған колледж жұмыстарының алдыңғы қатарлы бағыттарының бірі ретінде орын алуда. Шығармашыл ұжымдар мен жеке орындаушыларының белсенді жұмыстарының арқасында колледж тек алдыңғы қатарлы білім беру орталықтарының бірі болып қана қоймай, сонымен қатар ол мәдениет өмірінің дамуының қайнар көз болып отыр.

Өткен жылдардағы оңтайлы жұмыс тәжірибелерін және шығармашылық әлеуетті қолдана отырып, колледж төмендегідей бағыттарды өзінің жұмыстарын тізбектейді:

1. Концерттік-орындаушылық іс-шаралары: классикалық, джаздық және халық музыкасының концерттері, тақырыптық концерттер, конкурстар, мастер-кластар.

2. Қайырымдылық іс-шаралары: қаладағы балалар үйлері мен мектептерде концерттер, театрлық қойылымдар өткізу, аудандық және қалалық қайырымдылық іс-шараларға қатысу.

3. Гастрольдік іс-шаралар: әр түрлі деңгейдегі фестивальдерге, конкурстарға қатысу, шығармашылық іс сапарларға шығу.

2021-2025 жылдары төмендегідей шығармашылық жобалар арқылы оқытушылар мен білім алушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыру жоспарлануда:

- Колледждің эстрада және хореография бөлімдерінде білім алушылардың мюзикл қоюы;

- Моно-театрлар фестивалдерін өткізу;

- Республикалық, халықаралық деңгейдегі фестивальдер мен конкурстарға қатысуға оқушыларды шақыру.

V. Қаржы-шаруашылық қызметі

Ақылы білім беру қызметтерін және колледжді бюджеттен тыс қаржыланжыру жүйесі мыналарға бағытталуы тиіс:

- Толық компенсациялық негізде колледжде білім алушыларды қабылдау санын арттыру, шығындарды бөліп төлеу арқылы кәсіпорындар мен басқа да ұйымдардың тапсырысы бойынша мамандарды жеке-дара дайындау жұмыстарын дамыту, басқа білім беру мекемелерімен ынтымақтастық орнату негізінде ақылы білім беру қызметтері жүйесін күшейту және сол саланы дамыту.

- Сатуға арналған оқулықтарды, оқу құралдарын, ғылыми, оқу-әдістемелік және тағы да басқа әдебиеттерді колледжде басып шығару.

- Оқуда, ұйымдастырушылық-әдістемелік және тәрбиелілік жұмыстарда үлкен жетістіктерге қол жеткізген оқытушыларға қолдау көрсету, сонымен қатар, колледждегі білім беру барысына қолдау көрсету үшін бюджеттен тыс әртүрлі қорлардың құрылуы.

Жоғары сапалы білім алуға қол жеткізуді адекватты материалдық-техникалық базаны орнықтырмастан елестету мүмкін емес.

2021-2025 жылдары мынадай материалды-техникалық негіздерді арттыру көрсеткіштеріне қол жеткізу көзделіп отыр:

- колледж негізінде цирк мектебі мен шапитоның құрылуы;
- дыбыс жазу студиясының ашылуы;
- аудиториялардың заманға сай арнайы жабдықтармен жабдықталуы (эстрада мамандығына, цирк және сахналық реквизитке арналған заманауи аппаратура мен музыкалық аспаптардың алынуы және т.б.);
- жатақханада күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілуі;
- жаңа буынның оқу-әдістемелік құралдарының, оқу барысының дидактикалық және ақпараттық құралдармен қамтамасыз етілуі.

Сонымен қатар, жаңа технологияларды және дүниежүзілік Internet желісіне қол жеткізуді қолдана отырып, компьютерлік техникалар паркін көбейту.

Білім беру іс-шаралары барысының қажетті деңгейде жоғары сапалы болуын қамтамасыз ету үшін сырттан, бюджеттен және өз ақшаларынын қаржыландыру арқылы колледжді заманауи жабдықтармен жабдықтау жобаларын іске асыру жолымен қол жеткізу жоспарланып отыр.

VI. Халықаралық ынтымақтастық және корпоративтік әлеммен байланыс

Ж.Елебеков атындағы РЭЦК халықаралық іс-шараларының стратегиялық мақсаттары мыналар:

- Білім беру қызметтері нарығында колледждің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру үшін колледждің халықаралық ынтымақтастығын дамыту;
- Жоғары кәсіби деңгейдегі оқу орталығы ретінде колледждің халықаралық беделін көтеру;
- Заманауи дүниежүзілік талаптарға сәйкес сапалы білім беруді қамтамасыз ету.

РЭЦК алға қойылған стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуі үшін төмендегідей халықаралық қарым-қатынастарды дамыту саласындағы міндеттердің іске асырылуы қажет:

1. тәжірибе алмасулар санын арттыру;
2. демеушілік есебінен шетелдік оқытушыларды мастер-кластар өткізуге шақыру;

3. ең айтулы шетелдік шығармашыл оқу орындармен серіктестік қатынастар орнату;

4. сырттан қаржыландыру қайнар көздерін іздеу механизмін қалыптастыру.

Стратегиялық мақсаттар, міндеттер және мақсатты индикаторлар

Іс-шараның атауы	Орындалу мерзімі			Жауапты орындаушы
	Басы	Жүзеге асыру	Аяқталуы	
1	2	3	4	5
Ұйымдастыру-басқару қызметі				
Мақсат 1. Жаңа экономикалық қатынастар жағдайында инновациялық үлгідегі колледжді басқару моделін әзірлеу, енгізу және іске асыру				
Мақсатты индикаторлар:				
1.1 Колледж қызметін реттейтін нормативтік құжаттарды жаңарту (инвариантты вариативті компонентпен)	2021-2022	2022-2024	2024-2025	Директор
1.2 Колледждің барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне Мониторинг жүргізу	2021-2022 жыл сайын ішінара	2022-2024 жыл сайын толық	2024-2025 жыл сайын толық	Директор, Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
1.3 Колледждің барлық құрылымдық бөлімшелері басшыларының және өзге де қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және аттестаттау	2022-2023 20%-40%	2023-2024 50%-70%	2024-2025 80%-100%	Директор, Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Әдіскер
1.4 Халықаралық стандарт талаптарына сәйкес колледждің барлық құрылымдық бөлімшелерін қамтитын сапа менеджменті жүйесін енгізулер	2022	2022-2024	2025	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары

1.5 Колледжде корпоративтік басқару жүйесін енгізу	2022	2023-2024	2025	Директор
Міндеттері				
1.1. Инновациялық типтегі колледжді басқару моделін сипаттау, енгізу және апробациялау	2021	2022-2024	2025	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
1.2 Колледж қызметін реттейтін барлық нормативтік құжаттарды әзірлеу және түзету	2021	2022	2023	Директор, кадр бөлімі
1.3 Басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында маркетинг және менеджмент бөлімін құру	2022	2022-2024	2025	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
1.4 Барабар ақпарат алу мақсатында мониторинг және бақылау бөлімін құру	2022	2022-2024	2025	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
Күтілетін нәтижелер:				
Колледжді басқару жүйесінде инновацияларды іске асыру				
Мақсат 2: Республиканың «Өнер және мәдениет» бейінінің техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындары арасында бәсекеге қабілетті кадр базасын даярлау, қайта даярлау үшін эксперименттік-шығармашылық негіз құру				
Мақсатты индикаторлар:				
2.1 Колледждің кадрлық құрамының сапалы және кәсіби деңгейін арттыру	2021-2022 3-5%	2022-2024 10%-20%	2024-2025 10%-20%	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, әдіскер

2.2 Колледждің кадрлық құрамын әлеуметтік қолдау	2021 5%-10%	2022-2024 10%-20%	2025 20%-40%	Директор Бас есепші
2.3 Колледж оқытушылары мен қызметкерлерінің жұмысын материалдық және ақпараттық қамтамасыз етуді жақсарту	2021 5%-10%	2022-2024 10%-20%	2025 20%-40%	Директор Бас есепші
Міндеттері:				
2.1 Кадрларды одан әрі аттестациялай отырып, оларды жалдау, даярлау және қайта даярлаудың нақты саясатын әзірлеу	2022	2022-2024	2025	Директор Кадр бөлімі
2.2 Оқытушылар мен колледж қызметкерлерінің ішкі және сыртқы біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу	2021 Ішкі	2022-2024 10%-20%	2025 Үнемі	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Әдіскер
2.3 Жақын және алыс шетелдерде тағылымдамалар ұйымдастыру	2021	2022-2024 5%- 10%	2025 20%-30%	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Әдіскер
2.4 Оқытушылар құрамын, қосалқы, техникалық персоналды және студенттер контингентін қолдаудың барабар әлеуметтік пакеттерін қалыптастыру	2022	2023-2024	2025	Директор Бас есепші

2.5 Колледжге оқытуға ұлттық өнердің ең көрнекті өкілдерін және шетелдік мэтрлерді тарту	2021	2022-2024 Үнемі	2025 Үнемі	Директор
2.6 Оқытушылардың әртүрлі дәрежедегі шығармашылық, білім беру және ғылыми жобаларға қатысуы	2021	2022-2024 Үнемі	2025 Үнемі	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Әдіскер

Күтілетін нәтиже:

1. Оқытушылар құрамының кәсіби деңгейін арттыру
2. Сертификаттарды ала отырып қайта даярлаудан өткен оқытушылардың санын 100%-ға дейін жеткізу
3. Табыс, мәртебе және мансап түрінде салыстырмалы артықшылықтарды қалыптастыру
4. Оқытушыларға және қызметкерлердің басқа да санаттарына лайықты еңбекақы төлеуді қамтамасыз ету
5. Пресоналдың колледж басшылығының шешімдеріне жоғары қанағаттанушылығына қол жеткізу

Мақсат 3: Ж.Елебеков ат.РЭЦК Республиканың «Өнер және мәдениет» саласындағы кәсіби білім беру оқу орындары арасында жетекші оқу-әдістемелік орталығы ретінде позициялау

Мақсатты индикатор:

3.1 ТЖКБ «Актер өнері», «Цирк өнері» мамандықтары бойынша ОӘБ толыққанды жұмыс істеуі	2021 Барлық мамандықтар	2022-2024 Барлық мамандықтар	2025 Барлық мамандықтар	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Әдіскер
3.2 Колледждің ОӘБ базасында қалалық, республикалық, халықаралық біліктілікті арттыру курстары	2022 Қалалық	2023-2024 Республикалық	2025 Халықаралық	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Әдіскер

3.3 Колледждің ОӘБ базасында қалалық, республикалық, халықаралық конкурстар мен фестивальдер	2022 Республикалық	2023-2024 Республикалық	2025 Халықаралық	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Әдіскер
Міндеттер:				
3.1 ТЖКБ «Актер өнері», «Цирк өнері» мамандықтары бойынша оқу-әдістемелік қызметті үйлестіру	2021	2022-2024 Үнемі	2025 Үнемі	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Әдіскер
3.2 Өртүрлі дәрежедегі қалалық, республикалық және халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі құжаттаманы дайындау	2022 Қалалық	2023-2024 Республикалық	2025 Халықаралық	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Әдіскер
3.3 Институционалдық, мамандандырылған аккредиттеуден және Аттестаттаудан өту мақсатында колледждің барлық құрылымдық бөлімшелерінің құжаттарын дайындау	2021	2023-2024	2025	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Әдіскер
Күтілетін нәтиже:				
1. Колледждің Институционалдық, Мамандандырылған аккредиттеуден және Аттестаттаудан өту 2. Колледждің ҚР «Өнер және мәдениет» саласы бойынша рейтингтік жүйесіне ТЖКБ-ның үздік колледжіне қатарына кіру				
Ақпараттық-білім беру қызметі				
Мақсат 1: Жас мамандардың тұлғалық-кәсіби әлеуетін және ұтқырлығын дамытуды қамтамасыз ететін оқу-білім беру процесін, білім беру мазмұнын				

сапалы жаңарту мақсатында оқытудың озыңқы қағидатының инновациялық моделін енгізу				
Мақсатты индикаторлар :				
1.1 Оқу-білім беру процесін жетілдіру және жаңғырту	2022 10%	2023-2024 Жыл сайын 10%-ға	2025 Жыл сайын 10%-ға	Директор, Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
1.2 Өндіріске ықпалдастыра отырып, оқу процесінің нормативтік базасын жаңарту	2022	2023-2024	2025	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Әдіскер
1.3 Колледждің интернет-ресурстарының қолжетімділігі	2022 100%	2023-2024 100%	2025 100%	
Міндеттер:				
1.1 ТЖКБ нормативтік базасын әрбір үш жыл сайын жаңарту	2021	жыл сайын өзгерістер енгізу	жыл сайын өзгерістер енгізу	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Әдіскер
1.2 Мәдениет және өнер саласындағы кәсіби мамандарды даярлаудың бірлескен білім беру жобалары негізінде Құрманғазы ат.ҚҰК, Т.Жүргенов ат.ҚазҰӨА, Нұр-Сұлтан қ. ҚазҰӨУ, ҚазҰХА бірлесе М-К-Ж-ның толассыз білім	2022	2023-2024	2025	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Әдіскер

беру бағдарламаларын құру.				
1.3 Кітапхана қорын жаңарту	2022 5%	2023-2024 Жыл сайын 10%-ға	2025 Жыл сайын 10%-ға	Кітапхана
1.4 Виртуалды-электронды кітапхананы ұйымдастыру	2022	2023-2024	2025	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары, Кітапхана

Күтілетін нәтижелер:

1. Мамандарды даярлаудың кәсіби деңгейін арттыру
2. Білім берудің жаңа стандарттарын, базалық және мамандандырылған оқыту бағдарламаларын әзірлеу және құру
3. Колледж оқытушылары жасаған оқу және оқу-әдістемелік құралдар мен әзірлемелердің, оқулықтардың, электрондық оқулықтардың санын ұлғайту
4. Оқу процесіне заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды, оқытудың жаңа әдістемелерін енгізу
5. Электронды іс жүргізу құжат айналымы, статистикалық мәліметтерді жинау және өңдеу, колледж қызметіне мониторинг, талдау және бақылау жасау

Мақсат 2: Ішкі және әлемдік нарықтарда түлектердің кәсіби құзыреттілігіне, бәсекеге қабілеттілігіне және білім беру қызметтеріне қол жеткізу

Мақсатты индикаторлар :

2.1. Студенттер контингентінің сапалық деңгейі	2021 10%	2022-2023 Жыл сайын 20%	2024-2025 Жыл сайын 30%-50%	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
2.2 Өтемақы негізінде екінші арнаулы орта білім алу мүмкіндігін беру	2022	2023-2024	2025	Директор, Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары

2.3 Білім беру үдерісіндегі үштілділік жүйесі	2022	2023-2024	2025	Директор, Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
2.4 Түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы (түлектерді жұмысқа орналастыру)	100%	100%	100%	Директор, Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
Міндеттер:				
2.1 Колледж өткізетін кәсіптік бағдарлау іс-шараларын жоспарлау, іске асыру және қатаң есептілік бойынша шараларды күшейту	2021	2022-2024 10-15 іс-шара	2025 20-30 іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2.2 Қала маңы мен ауылдық жерлерден талантты жастарды тарту мақсатында көшпелі кәсіптік бағдарлау іс-шараларын ұйымдастыру	2022 5 іс-шара	2023-2024 Жыл сайын 10-15 іс-шара	2025 20 іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2.3 Оқытудың эксперименттік бағдарламаларын әзірлеу (үштілділік жүйесі бойынша)	2022	2023-2024	2025	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
2.4 Білім беру процесіне оқытудың интерактивті әдістерін енгізу	2022 5%	2023-2024 жыл сайын 10%	2025 20%	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік

				жөніндегі орынбасары
2.5 Студенттерді ғылыми-зерттеу қызметіне тарту	2021 1-2%	2022-2024 10%	2025 10-25%	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
2.6 Студенттерден жұмыс сапасы, колледждің барлық бөлімшелерінде ұсынылатын білім беру қызметтері туралы кері байланыс алу мақсатында білім алушыларға сауалнама жүргізу және сауалнама жүргізу	2021	2022-2024 Үнемі	2025 Үнемі	Директор, Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Күтілетін нәтиже:				
1. Студенттердің қосымша біліктілік алу мүмкіндігі 2. Түлектердің құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін дамыту 3. Студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру 4. Оқытушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу мәдениетінің деңгейін арттыру 5. Оқытушылардың кадрлық құрамының халықаралық стандарттарға сәйкестігі 6. Өңірге, жақын және алыс шетелдерге мамандар даярлау				
Тәрбие жұмысы				
Мақсат 1: Шығармашыл жастарға рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру				
Мақсатты индикаторлар:				
1.1 Белсенді азаматтық ұстаным мен адамгершілікті дамыту	үнемі			Директордың тәрбие ісі және оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасарлар ы
1.2 Тәрбие процесін жаңа материалдармен	2021 2%-5%	2022-2023	2024-2025	Директордың тәрбие ісі

және көрнекі құралдармен қамтамасыз ету		Жыл сайын 5%-10%	Жыл сайын 10%-20%	жөніндегі орынбасары
Міндеттер:				
1.1 Студенттерді Қазақстанның және бүкіл әлемдік қоғамдастықтың рухани байлығы мен мәдениетіне тартуға ықпал ететін іс-шаралар өткізу	2021 5 іс-шара	2022-2024 10-15 іс-шарадан	2025 20 іс-шараға дейін	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
1.2 Еңбек тәрбиесі және салауатты өмір салты қағидаттарын қалыптастыру бойынша іс-шаралар өткізу	2021 5 іс-шара	2022-2024 10-15 іс-шара	2025 20-ға дейін іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
1.3 Студенттердің салауатты өмір салтына тұрақты оң көзқарасын қалыптастыру бойынша бұқаралық спорт түрлерін дамыту бойынша іс-шаралар циклін ұйымдастыру және өткізу	2021 5 іс-шара	2022-2024 10-15 іс-шара	2025 20-ға дейін іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
1.4 Саяси дұрыстық жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру	2021 5 іс-шара	2022-2024 10-15 іс-шара	2025 20-ға дейін іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
1.5 «Үздік студент», «Үздік бөлме», «Үздік курс» конкурстарын ұйымдастыру және өткізу	тұрақты			Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Күтілетін нәтижелер:				
Патриотизмге тәрбиелеу, үздік ұлттық дәстүрлерді жаңғырту және сақтау Түлектердің кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін дамыту Студенттердің әлеуметтік-тұлғалық, экономикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, кәсіби, арнайы құзыреттерін қалыптастыру				
Мақсат 2. Толыққанды студенттік қауымдастықты қалыптастыру				
Мақсатты индикаторлар:				

2.2. Студенттік бастаманы дамыту. Кәсіби сәйкестікті қалыптастыру	тұрақты			Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
2.3. Студенттік өзін-өзі басқару	2021	2022-2024	2025	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2.4. Студенттік өзін-өзі басқарудың республикалық және халықаралық жастар қоғамдық ұйымдарымен өзара іс-қимылы және ынтымақтастығы	2022	2023-2024	2025	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2.5. Колледж дамуының өзекті мәселелерін шешуге студенттерді тарту	тұрақты			Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Міндеттері:				
2.1. Шығармашыл жастарды студенттік өзін-өзі басқаруға тарту	2021 5%	2022-2023 10-20%	2024-2025 30-40%	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2.2. Жастар саясатын енгізу бойынша жүйені пысықтау	2021 5%	2022-2023 10-20%	2024-2025 30-40%	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2.3. Патриотизмге және ұлтаралық қатынас мәдениетіне тәрбиелеу	2021 5 іс-шара	2022-2023 10 іс-шара	2024-2025 20 іс-шара	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2.4. Жас Отан, Нұр Отан партияларымен, Алматы қаласы әкімдігінің жастар бөлімімен ынтымақтастықты жолға қою	2021	2022-2023	2024-2025	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

2.5. Жастар ұйымдарының қызметіне қатысатын жастардың үлесін ұлғайту	2021 жыл сайын 2-5 %	2022-2024 жыл сайын 5-10 %	2024-2025 жыл сайын 10-15 %	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2.6. Колледж оқытушыларының студенттермен отансүйгіштікке тәрбиелеуге, ұлттық үздік дәстүрлерді жаңғыртуға және сақтауға ықпал ететін жұмысы	тұрақты			Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Күтілетін нәтижелер:				
Колледждегі студенттік өзін-өзі басқарудың пәрменділігі				
Үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру				
Концерттік-шығармашылық қызмет				
Мақсат 1. Колледждің шығармашылық әлеуетін кеңейту				
Мақсатты индикаторлар:				
1.1. Әр түрлі деңгейдегі және дәрежедегі шығармашылық іс-шараларға колледж оқытушылары мен студенттерінің қатысуы және ұйымдастыруы, өткізуі	2021 50 іс-шараға дейін	2022-2023 100-150 іс-шараға дейін	2024-2025 200 іс-шараға дейін	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Ішкі және сыртқы байланыстар бөлімінің жетекшісі
1.2. Концерттік ұйымдармен, театр, филармониялармен және ҚР және жақын және алыс шетелдердің басқа да мәдениет ұйымдарымен шарттар	2021 20 дейін	2022-2023 50дейін	2024-2025 100 дейін	Ішкі және сыртқы байланыстар бөлімінің жетекшісі
1.3. Мәдениет және өнер ұйымдарымен, БАҚ ынтымақтастық	2021 20 дейін	2022-2023 50дейін	2024-2025 100 дейін	Ішкі және сыртқы байланыстар бөлімінің жетекшісі

Міндеттері:				
1.1. Колледж оқытушылары мен студенттерінің абонементтік концерттерін, online концерттерін ұйымдастыру, Video challenge жасау	2021 20 дейін	2022-2023 50 дейін	2024-2025 100 дейін	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары / оқытушылар
1.2. Студенттердің концерттік репертуарын жасау	тұрақты			Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары / оқытушылар
1.3. Колледждің шығармашылық ұжымдарын ұйымдастыру	тұрақты			Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары / оқытушылар
1.4. Халықаралық конкурстар мен фестивальдарға қатысу	2021 5-10 іс-шараға дейін	2022-2023 30 іс-шараға дейін	2024-2025 50 іс-шараға дейін	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
1.5. Музыкалық маусымдарды ұйымдастыру және өткізу	2021	2022-2023	2024-2025 үнемі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
1.6. Джаз фестивалін, дәстүрлі орындаушылық өнер, хор өнері фестивалін ұйымдастыру және өткізу	2021	2022-2023	2024-2025 үнемі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
1.7. Колледж мамандықтары бойынша қалалық БММ, өнер студиялары арасында конкурстар мен олимпиадалар ұйымдастыру және өткізу	2022	2023-2024	2025 үнемі	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Күтілетін нәтижелер:				
Шығармашылық қызметтің нәтижелілігін арттыру				

Мультимедиалық қор құру және таныстыру материалдарын дайындау				
Қаржы-шаруашылық қызметі				
Мақсат 1. Колледж өмірінің тиімділігіне кепілдік беретін тұрақты қаржылық-ресурстық базаны құру				
Мақсатты индикаторлар:				
1.1. Тұрақты бюджеттік қаржыландыру	тұрақты			Директор
1.2. Колледж бюджетінің тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету	2021	2022-2024	2025	Директор / Бас есепші
1.3. Колледждің қаржы ресурстарын бөлуде бөлімшелердің барынша дербестігін қамтамасыз ету	2021	2022-2024	2025	Директор / Бас есепші
1.4. Колледждің оқу-өндірістік базасын жаңғырту	2021 5%	2022-2023 жыл сайын 10%	2024-2025 жыл сайын 15%	Директордың шаруашылық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары
Міндеттері:				
1.1. Колледждің қаржы-экономикалық қызметінің перспективті бағдарламасын әзірлеу	2021	2022-2024	2025	Директор / бас есепші
1.2. Жұмыс беруші компаниялар мен шетелдік компаниялардың Колледждің түрлі деңгейдегі іс-шараларын өткізуге демеушілік жасауы	2021	2022-2023 5-10%	2024-2025 10-20%	Директор / Ішкі және сыртқы байланыстар бөлімінің жетекшісі
1.3. Шығармашылық бағдарламалар мен жобаларды іске асыру үшін қаражат тарту бойынша	2021	2022	2023-2025	Директор

қамқоршылық кеңестің ашылуы				
1.4. Колледж өмірінің тиімділігіне, тұрақтылығына кепілдік беретін резервтік қорлар құру	2022	2023	2024-2025	Директор
1.5. Колледждің оқу корпусы мен жатақханасын абаттандыру бойынша жұмыстар	2021 10%	2022-2023 15 %-дан	2024-2025 20%-дан	Директор / Директордың шаруашылық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары
1.6. Музыкалық аспаптарды жаңарту	2021 5%	2022-2023 10 %-дан	2024-2025 20%-дан	Директор / Директордың шаруашылық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары
1.7. Колледждің кеңсе жиһазы мен жатақханадағы тұрғын үй жиһазын жаңарту	2021 5%	2022-2023 10 %-дан	2024-2025 20%-дан	Директор / Директордың шаруашылық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары
1.8. Заманауи компьютерлік техниканы, интерактивті оқыту құралдарын және т. б. сатып алуды жүзеге асыру	2021 5%	2022-2023 10 %-дан	2024-2025 20%-дан	Директор / Директордың шаруашылық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары
1.9. Колледж ұжымдарының костюмдерін жаңарту	2021 5%	2022-2023 10 %-дан	2024-2025 20%-дан	Директор / Директордың шаруашылық және әлеуметтік

				мәселелер жөніндегі орынбасары
Күтілетін нәтижелер:				
Колледждің экономикалық тиімділігін арттыру				
Колледждің қаржы базасын жетілдіру және кеңейту				
Мақсат 2. Технологиялық-ақпараттық, қаржы ресурстарын жоспарлау және бөлу және бағалау бойынша орталықтандырылған құрылым құру				
Мақсатты индикаторлар:				
2.2. Колледжді дамытуда жобалық-мақсатты қаржыландыруды қалыптастыру	2021	2022-2024	2025	Директор / Бас есепші
2.3. Қаржы көздерін қаржыландыруды оңтайландыру және әртараптандыру	тұрақты			Бас есепші
2.4. Ақылы білім беру қызметтерінің жүйесін жетілдіру және саласын кеңейту	тұрақты			Бас есепші
Міндеттері:				
2.1. Оқытуды коммерцияландыру	2021	2022-2023	2024-2025	Бас есепші
Күтілетін нәтижелер:				
Материалдық-техникалық базаны өсіру және қазіргі заманғы жабдықтар мен материалдарды сатып алу				
Колледж студенттері мен қызметкерлері үшін қазіргі заманғы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау				
Шығармашылық, білім беру және ғылыми жобаларды коммерцияландыру үшін инновациялық инфрақұрылымды және өзге де тетіктерді құру				
Халықаралық ынтымақтастық және корпоративтік әлеммен байланыс				
Мақсат 1. Қазіргі жағдайда өнер саласы бойынша мамандар даярлау тәжірибесімен алмасу бойынша колледждің халықаралық қызметін кеңейту				
Мақсатты индикаторлар:				
1.1. Оқытушылар мен студенттер құрамының ұтқырлық деңгейі мен сапасын арттыру	2021	2022-2024	2025	Әкімшілік
1.2. Студенттер мен оқытушылар құрамының өңірлік	2022	2023-2024	2025	Ішкі және сыртқы байланыстар

және халықаралық алмасуы				бөлімінің жетекшісі
1.3. Адекватты инфрақұрылым құру және халықаралық байланыстарды қаржылық қамтамасыз ету	2021	2022-2023 30-60% тұрақты	2024-2025 70-100% тұрақты	Директор / Бас есепші
Міндеттері:				
1.1. Шеберлік-сынып, сабақ өткізу үшін шетелдік оқытушыларды тарту жүйесін жетілдіру	2023	2024	2025	Директор / Бас есепші
1.2. Халықаралық ғылыми, шығармашылық, білім беру жобаларын ұйымдастыру, өткізу және қатысу	2021	2022-2023	2024-2025	Директордың тәрбие ісі және оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасарлары, Әдіскер
1.3. Халықаралық жобалар үшін ауқымы жағынан жеткілікті, тұрақты және ұзақ мерзімді қаржыландыруды іздестіру	2021	2022-2023	2024-2025	Директор / Бас есепші
1.4. Колледжде мамандықтар бойынша оқитын шетелдік студенттердің санын арттыру	2023 3-5%	2024 5-7%	2025 8-10%	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
Күтілетін нәтижелер:				
Басқа елдерде білім алу және практикалық дайындық				
Шетелдік компаниялармен ынтымақтастықты дамыту				
Мәдениет саласындағы өңірлік және шетелдік білім беру мекемелерімен халықаралық байланыстар орнату				

Мақсат 2. Кадрлар мен шығармашылық жобаларға мүдделі жетекші корпоративтік құрылымдармен стратегиялық әріптестіктің дамыған және өзара тиімді жүйесін құру				
Мақсатты индикаторлар:				
2.1. Стейхолдерлердің қорытынды аттестаттауды өткізуге, стандарттарды, бірлескен оқу-білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысуы	2021	2022-2023	2024-2025 тұрақты	Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
2.2. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жүйесін дамыту	2021	2022-2023	2024-2025	Директор / Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары
Міндеттері:				
2.1. Білімі, іскерліктері және дағдылары (БІД) нақты айқындалған мамандар даярлайтын арналған шарттар	2021 2%	2022-2023 5%	2024-2025 10%	Директор / Ішкі және сыртқы байланыстар бөлімінің жетекшісі
2.2. Ынтымақтастық жөніндегі шарттар мен келісімдер	2021 2%	2022-2023 5%	2024-2025 10%	Директор / Ішкі және сыртқы байланыстар бөлімінің жетекшісі
2.3. Колледждің әлеуметтік әріптестік субъектілерімен корпоративтік әлеммен өзара іс-қимылын кеңейту	2021	2022-2023	2024-2025 тұрақты	Ішкі және сыртқы байланыстар бөлімінің жетекшісі / Директордың оқу ісі және оқу-әдістемелік бірлестік

				жөніндегі орынбасары
2.4. Корпоративтік әлем мүшелерін бос жұмыс орындары жәрмеңкелеріне белсенді қатысуға тарта отырып, түлектердің жәрмеңкесін өткізу	2021	2022-2023	2024-2025 тұрақты	Ішкі және сыртқы байланыстар бөлімінің жетекшісі / Практика жетекшісі
Күтілетін нәтижелер:				
Түлектер мамандықтарын іске асыру нарығын кеңейту				
Білім беру мен еңбек нарығы арасындағы әлеуметтік әріптестік жүйесін дамыту				
Жұмыс берушілермен байланысты кеңейту және түлектерді жұмысқа орналастыруға қолдау көрсету				
Халықаралық және шетелдік компаниялармен, бизнес қауымдастықтармен ынтымақтастықты дамыту				

Стратегиялық жоспарды әзірлеуге негіз болған бағдарламалық құжаттар мен нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы.
2. 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
3. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 «Бала құқықтары туралы» Заңы.
4. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығы;
5. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы;
6. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 21 қарашадағы «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы;
7. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Игілік баршаға! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» сайлауалды бағдарламасын және «Біз біргеміз» жалпыұлттық акциясы барысында алынған ұсыныстарды іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 19 маусымдағы №27 Жарлығы;
8. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
9. Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
10. «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы
11. Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы (№499 бұйрық)
12. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 бұйрығы

13. Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2007 жылғы 23 қазандағы №502 Бұйрығы.
14. «Техникалық және кәсіптік білім мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы №553 бұйрығы
15. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы
16. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы
17. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі №369 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 8 қаңтардағы №12 бұйрығы
18. «Мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдары қызметінің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 77 бұйрығы
19. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтік кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 24 қазандағы N 506 Бұйрығы
20. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 5 қазандағы №591 бұйрығы.
21. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы.
22. «Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №506 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 605 бұйрығы.
23. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 Қаулысы

24. Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы
25. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы №539 бұйрығы.
26. Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы.
27. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушы Т.Балықбаевтың 2016 жылғы 8 қаңтардағы №9 бұйрығымен бекітілген педагогикалық әдеп қағидалары
28. ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын және кәсіпорындарды практика базасы ретінде айқындау қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №107 бұйрығы «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы», (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 4 наурызда №13395 және ҚР Білім және ғылым министрімен 29.09.2018 жылы №521 болып тіркелді).